

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНДАҒЫ КӨЛІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗДЫ ОБЪЕКТІЛЕРІН ДАМУ ТУРАЛЫ ЖОСПАРЛАРЫ МЕН ЖОЛАУШЫЛАР СЕРВИСІН ЖАҚСARTУ МӘСЕЛЕСІН ҚАРАСТЫРУ КЕРЕК. ВОКЗАЛДАРДАҒЫ ЖАҒДАЙДЫ ЖАҚСARTУҒА БЮДЖЕТТЕН ҚАРЖЫ ҚАРАСТЫРУ ТУРАЛЫ ЖОСПАР БАР. ЖАҒДАЙДЫ КӨЗБЕН КӨРІП, ЖАН-ЖАҚТЫ ЕСЕП-ҚИСАП ЖАСАП, ШЕШІМ ҚАБЫЛДАЙТЫН БОЛАМЫЗ.

Марат ҚАРАБАЕВ,
ҚР Көлік министрі



№90 (2907)
27/10/2023

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

ТЕМІРЖОЛШЫ-ӨНЕРТАПҚЫШТАР МАРАПАТТАЛДЫ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-да «Жаңашылдық – өсу перспективалары» деген тақырыпта өнертапқыштар кеңесі өтті. Алқалы жиынға компанияның бас инженері Батыр Котырев пен «Kazlogistics» Қазақстанның көлікшілер одағы төрағасының орынбасары Юрий Лавриненко қатысты. Кеңес барысында теміржолдағы рационализаторлардың ең үздік жобалары таныстырылып, жүлделі орындар мен ақшалай сыйлықтар берілді.



Райхан РАХМЕТОВА,
Астана

Жиында Техникалық орталық директоры Азамат Жанкелді осы салада былтыр атқарылған жұмыстар нәтижесін таныстырды. Оның айтуынша, 2022 жылы 745 теміржолшы рационализаторлық ұсыныс берген, соның 17 пайызы – 35 жасқа дейінгі қызметкерлерден түскен. Оның ішінде 687 рационализаторлық жоба өндіріске енгізілді. Бұл жобалар теміржолдағы сенімділік пен тұрақтылықты, қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, еңбек жағдайын жақсартуға, еңбекті қорғауға, технологиялық процестерді жетілдіруге бағытталған. Осы өнертапқыштық ұсыныстарды енгізуден түскен экономикалық тиімділік 198 млн теңгені құрады. Бұл қызмет ғылыми-техникалық саламен де тығыз байланысты, осы ретте былтыр 306 техникалық жаңашылдық енгізілді.

– Рационализаторлар – инженерлік ойлау жүйесінің иелері, шығармашылық ойдың адамдары. Олар үнемі өз бетінше ізденісте жүреді. Өндірістік процестерді жетілдіруге ҚТЖ-ның құрылымдық бөлімшелерінің рационализаторлары маңызды рөл атқарады. Бүгінде 3 мыңнан астам рационализатор компания жұмысын

дамыту процесіне белсенді қатысады. 2009-2023 жылдар аралығында компанияның рационализаторлары 3500-ден астам өнертапқыштық ұсыныс беріп, өндіріске енгізді. Соның нәтижесінде 300 млн теңгеден астам экономикалық тиімділікке қол жеткізілді, – деді бас инженер Б.Котырев.

Жиын басында таныстырылған 8 жоба электрмен қамту, жол, вагон, локомотив, қозғалыс шаруашылықтары, автоматика және телемеханика, конструкторлық-эксперименталды орталық салаларын қамтыды. Солардың арасынан «Теміржол автоматикасы мен телемеханикасы құрылғылары мен жүйелерінің сенімді жұмысын арттыру» номинациясы бойынша үздік рационализаторлық ұсынысы үшін Павлодар белгі беру және байланыс дистанциясының бас инженері Қазыбек Оспанов пен телім бастығы Бауыржан Бабатаев бірінші орын алып, 300 мың теңге сертификатқа ие болды. 2-орын электр жабдықтары жұмысының сенімділігін арттыруға бағытталған ұсынысы үшін Илецк вагон пайдалану депосының шебері Наурызғали Абуғалиевке беріліп, ол 200 мың теңгеге ие болды. Ал 3-орын жүк вагондарын жөндеу технологиясын жетілдіруге бағытталған ұсынысы үшін Қарағанды электрмен жабдықтау дистанциясы-

ның телім бастығы Игорь Пикаловқа және тасымал үдерісін жетілдіруге арналған ұсынысына орай тағы үш адамға, яғни Көпфункционалды қызмет көрсету орталығының бас менеджері Толқын Бозтаеваға, «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС «Батыс» филиалының жетекші инженері Әсел Мырзағұловаға, Ақтөбе магистральдық желі бөлімшесі бөлім бастығының орынбасары Асылзат Орынбаеваға 150 мың теңге сыйақысымен бірге берілді.

Сондай-ақ «Үздік рационализаторлық шешім» байқауына қатысқандар арасынан 31 теміржолшының еңбегі жоғары бағаланды. Және де Қарағанды, Қостанай, Алматы, Орал, Түлкібас станцияларындағы түрлі құрылымдық мекемелер арасынан 8 теміржолшы «Үздік рационализатор» атағына ие болды. Тағы 4 адамға осы салаға сіңірген еңбегі үшін компания басшысы атынан Құрмет грамотасы және 6 маманға Алғыс хат табысталды.

Кеңес соңында «ҚТЖ» ҰК» АҚ «Қамқор вагон» ЖШС және «Қамқор Локомотив» ЖШС арасында өнертапқыштық қызметті дамыту және тәжірибе алмасу мәселелері бойынша ынтымақтастық туралы ұшжақты келісімге қол қойылды.

Суретті түсірген Сапа САХЫНБЕК



ПЕРЕВАЛКА ГЕНЕРАЛЬНЫХ ГРУЗОВ



Новые терминальные мощности порта Курык включаются в работу. Об этом стало известно на заседании оперативной рабочей группы по вопросам развития трансграничных хабов в Правительстве, прошедшем под председательством вице-премьера Серика Жумангарина.

В конце сентября 2023 года на терминале генеральных грузов многофункционального морского терминала «Саржа» в порту Курык Мангистауской области принята первая партия груза. К концу октября планируется отправка грузженного металлом судна общим весом 4,5 тысячи тонн.

В рамках проекта завершены все земельные работы, построены подъездные железнодорожные пути, два причала и терминал генеральных грузов. Кроме того, будет построено несколько терминалов (зерновой, для генеральных и наливных грузов, универсальный) и транспортно-логистический комплекс.

Завершение строительства всех терминалов ММТ «Саржа» к 2030 году позволит увеличить пропускную способность Среднего коридора на 10 миллионов тонн в год.

– С учетом климатических и экологических изменений на Каспии и появления новых мощностей у порта Курык есть все возможности стать важным звеном перенастройки цепи транспортно-логистических маршрутов. За ним, определенно, будущее, – отметил Серик Жумангарин.

К слову, в ближайшее время в Европу через порт Курык планируется транспортировать экологически чистые водород и аммиак из Мангистау.

Руслан РАХМЕТОВ



Шерали АХМЕТОВ,
менеджер группы по безопасности
движения компании
«Пассажирские перевозки»:

РЕАЛИЗАЦИЯ ПРОЕКТА «ПОВЫШЕНИЕ КАЧЕСТВА ОРГАНИЗАЦИИ ПРОДАЖ БИЛЕТОВ» ПОЗВОЛИТ ОПТИМИЗИРОВАТЬ РАСХОДЫ ЗА СЧЕТ СОКРАЩЕНИЯ БИЛЕТНЫХ КАСС И ДОЛИ ПРОДАЖ БИЛЕТОВ НА СТОРОННИХ РЕСУРСАХ. В НАШЕМ ПРИЛОЖЕНИИ КОМИССИИ НЕ БУДЕТ, А ВСЕ ЭКОНОМЛЕННЫЕ СРЕДСТВА МОЖНО БУДЕТ НАПРАВЛЯТЬ НА БОНУСЫ И АКЦИИ ДЛЯ ПАССАЖИРОВ

Тасымал

ӘЛЕУМЕТТІК ЖҮК ЖЕТКІЗІЛІМІ ЖІТІ НАЗАРДА

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС ел Үкіметінің тапсырмасы бойынша әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдерін тасымалдауды басты орынға қояды. Серіктестік әлеуметтік маңызы бар жүктерді үздіксіз тасымалдау үшін барлық қажетті шараларды қабылдауда.



Ислам ТАЛГАТ,
Астана

Астық, ұнтақталған өнімдер, қант, майлар, көкөністер және тағы басқа жүктерді ішкі жеткізуді реттеу үшін серіктестік мүдделі мемлекеттік органдар, әкімдіктер, өңірлік үн тарту операторлары өкілдерінің қатысуымен жиі басқосулар мен селекторлық кеңестер өткізеді. Селекторлық кеңес кезінде жүк жөнелтушілер жұмыста одан әрі оң нәтижелерге қол жеткізу үшін өз ұсыныстарын айта алады. Ал олардың көңілге қонымды ұсыныстары жүк тасы-

малдаушы оператор тарапынан ескерілері анық.

Ағымдағы жылдың қазан айындағы жағдай бойынша жүк жөнелтушілердің республика ішінде жүк тасымалдауға қатысты барлық өтініштері 100%-ға келісіліген. Жүк тиеуге бос вагондарды беру ерекше бақылауға алынып отыр.

Қазіргі уақытта келісімшарт бойынша 8,8 мың тонна әлеуметтік бидай жөнелтілген. Қалған көлем бойынша жүк жөнелтушілерден теміржол көлігімен тасымалдауға өтініштер түспеген.

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ



мамандары тасымалды тиімді ұйымдастыру – тасымалдау процесінің барлық қатысушыларының бірлескен өзара іс-қимылы

мен тығыз ынтымақтастығын қажет ететінін еске салады.

Суретті түсірген
Александр ЖАБЧУК

В НОВЫХ СТЕНАХ

После текущего ремонта свои двери распахнул дом отдыха локомотивных бригад станции Екибастуз-1. Теперь железнодорожники восстанавливают свои силы между поездками в комфортных условиях.



Айдана ЕРТАЙ,
Павлодар

В преддверии Дня Республики прошла презентация обновленного объекта, в котором приняли участие исполнительный директор департамента по управлению человеческими ресурсами и социальной политике ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» Адижан Исмухамбетов, исполнительный директор по обеспечению Төлеген Мырзабеков, главный инженер Павлодарского отделения ГП Аян Каир, заместитель директора филиала по экономике и финансам Динара Канатбаева, председатель профсоюзного комитета филиала Айгүль Махметова.

– Очень рад, что сегодня мы собрались по такому приятному поводу, самое главное – в

АО «НК «КТЖ» создаются все условия для наших железнодорожников. Работа в этом направлении продолжится. Поздравляю всех с праздником и открытием дома отдыха после реконструкции, – сказал Адижан Исмухамбетов.

Для сотрудников стальной магистрали предоставляются комфортабельные комнаты отдыха, прачечная, столовая, душевые кабины, санузел. Одним из первых в них побывал машинист локомотива Акмолинского регионального участка пригородных перевозок Куанышбек Салкимв.

– Мы уже отправили видео дома отдыха коллегам по мессенджеру, – с улыбкой рассказывает железнодорожник. – Уютно, светло, тепло, как в гостинице. Очень приятно восстанавливать свои силы после

работы в таких условиях. Мы всю ночь были в пути, сейчас с новой энергией приступим к своим обязанностям.

Как рассказал Аян Каир, в этом году реконструкцию прошли пять домов отдыха локомотивных бригад – на станциях Аксу, Ерейментау, Ушкoлың, Акбидай и Екибастуз.

– Подрядчик заменил кровлю, обновил фасад здания, заменены системы отопления, водоснабжения, канализации, провел внутриотделочные работы. Дом отдыха одновременно может вместить 60 человек. Здесь работают старшая по дому отдыха, дежурная, технический персонал, – сказал Аян Каир. – Первоочередная задача, которую перед собой ставит нацкомпания, – это улучшение условий труда и отдыха сотрудников стальной магистрали, что положительно сказывается на обеспечении безопасности движения и охраны труда, в том числе на качестве выполнения полного объема производственных показателей отделений ГП.

В следующем году продолжится благоустройство прилегающей территории дома отдыха локомотивных бригад станции Екибастуз-1.

ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

около
41 млн тонн

УГЛЯ ДОСТАВЛЕНО
КАЗАХСТАНЦАМ ВАГОНАМИ
АО «ҚАЗТЕМІРТРАНС».

СВЫШЕ
520

ЕДИНИЦ ТЕХНИКИ ЗАДЕЙСТВОВАНО В СТРОИТЕЛЬСТВЕ ВТОРЫХ ПУТЕЙ НА ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНОМ УЧАСТКЕ ДОСТЫК – МОЙЫНТЫ.

ПО ИТОГАМ 9 МЕСЯЦЕВ
2023 ГОДА ЭКСПОРТНЫЕ
ПЕРЕВОЗКИ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНЫМ ТРАНСПОРТОМ СОСТАВИЛИ

63 млн тонн.

ЕРЕН ЕҢБЕК ЕЛЕНГЕН КҮН

Астана

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясында Республика күні қарсаңында өткен салтанатты жиынды ашқан Басқарма төрағасының орынбасары Қанат Әлмағамбетов барша сала қызметкерлерін ұлық мерекемен құттықтап, қызметте және қоғамдық жұмыста жетістікке жеткен үздіктерді марапаттады.

– Құрметті әріптестер және сала ардагерлері! Сіздерді егемен еліміздің ең басты мерекесі – Республика күнімен құт-



тықтаймын! Бұл мерекенің тарихи маңызы зор. 1990 жылы 25 қазанда ҚР Парламентінде «Қазақстан мемлекетінің егемендігі туралы» декларация қабылданды. Осы құжат халықаралық қауымдастықтың мүшесі ретінде әрі Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде дамуына негіз болды. Еліміз талай тар жол, тайғақ кешуден өтті. Теміржол саласына да оңай болған жоқ. Бірақ теміржол сынақтардан сүрінбей өтті. Басқарушылық қасиетін жоғалтпай, инфрақұрылымдарын сақтап қалды. Соңғы отыз жылда 2500 км астам жол салынды. Ол еліміздің барлық өңірін көлік артериясымен байланыстыруға, коммуникация мен тауар айналымын қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Қазір де жалғасуда. Тауауақытта үш ірі инфрақұрылымдық жоба жүзеге асырылады.

Тоғыз айдың қорытындысы бойынша жүк айналымы 7 пайызға, транзиттік тасымал 21 пайызға, ал экспорттық жүктер 7 пайызға өсті. Жылдың қорытындысы бойынша біз 150 млрд теңге көлемінде таза пайда көреміз деп болжап отырмыз. Бұл санның артында сіздердің күнделікті еңбектеріңіз жатыр, – деді Қанат Әлмағамбетов.

Бұл күні мемлекеттік марапат алып, мерейі үстем болғандар қатары да қалың болды. «Құрмет» орденімен Магистральдық желі дирекциясына қарасты Электрлендіру және энергетика департаментінің директоры Рысбек Ахметбеков, ІІІ дәрежелі «Еңбек даңқы» орденімен «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС – «Батыс» филиалы Маңғыстау бөлімшесіне қарасты Маңғыстау локомотив пайдалану депосы локомотив бригадаларының аға

машинист-нұсқаушысы Руслан Екшембаев, «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС филиалы Ақмола ЖТ бөлімшесіне қарасты Нұр-Сұлтан станциясының жоспарлау-экономикалық бөлімінің басшысы Рахима Тайтөлеева марапатталса, «Ерен еңбегі үшін» медалін Компанияның Маркетинг және транзиттік саясат департаментінің

директоры Әйгерім Мұхамедрахимова, Алматы ЖТ бөлімшесіне қарасты Үштөбе станциясының пойыз құрастырушысы Асылхан Қауызбаев, Жамбыл магистральдық желі бөлімшесіне қарасты Жамбыл станциясы өрт сөндіру пойызының басшысы Марат Керімқұлов, Құсмұрын дистанциясының жол бригадирі Асқар Исумбаев, Екібастұз жол дистанциясының шебері Айдар Хамзабаев алды.

Сонымен қатар биыл алғаш рет ұсынылып отырған «ҚТЖ» ҰК» АҚ дамуына қосқан ерекше үлесі үшін» төсбелгісімен Орталық ардагерлер кеңесінің төрағасы Болатбек Дүйсемалиев, «Досжан темір жолы» АҚ президентінің кеңесшісі Борис Есенаманов, Шымкент ЖТ бөлім-

шесі техникалық бөлімінің жетекші инженері Людмила Квон марапатталса, Самұрық-Қазына тарапынан «Акционерлік қоғамның құрметті қызметкері» атағына «ҚТЖ» ҰК» АҚ филиалы – Көпфункционалды қызмет көрсету орталығының кадр әкімшілігі департаментінің бас менеджері Сәуле Қалмағамбетова ие болды.



Ал жүк вагондарының ұлттық операторы «Қазтеміртранс» АҚ басшылығы бір топ үздік қызметкерлерін «Қазтеміртранс» АҚ – 20 жыл» мерейтойлық медалімен, «ҚТЖ» ҰК» АҚ дамуына қосқан ерекше үлесі үшін» төсбелгісімен Татьяна Касаткина марапатталды.

Ресми бөлімнен соң салтанатты жиынға жиналған жұртшылық теміржолшы өнерпаздардың ән-биден шашу шашқан мерекелік концертін тамашалап, көтеріңкі көңіл-күймен тарқасты.

Маңғыстау

Республика күніне орай Маңғыстау темір жолында өткен салтанатты шара марапаттауға ұласып, еңбегі еленген қызметкерлер түрлі дәрежедегі алғыс-құрметке ие болды.

Маңғыстау қосалқы бөлімінің бас ғимаратында мемлекеттік мереке құрметіне ұйымдастырылған салтанатты жиында қосалқы бөлім бастығы Нәжімеден Ғұбашов көпшілікті мемлекеттің ең ұлық мерекесімен құттықтады. Егемендіктің бастауы болған бұл атаулы күннің еліміздің тарихында алатын орнына тоқталып, мемлекетіміздің мерейлі, тәуелсіздігіміздің тұғырлы болуын тіледі. Осы жолда аянбай еңбек етіп, түбек теміржолын дамытуға өз үлестерін қосып жүрген сала қызметкерлеріне алғысын білдірді.

Сала кәсіподағының Маңғыстаудағы өкілі Сәрсенбай Есенқұлов та өз кезегінде көпшілікті құттықтап, жүрежарды лебізін білдірді.

– Әр мерекенің өзіндік орны бар.



Дегенмен Республика күнінің мәртебесі жоғары. Баршаны осы еліміз үшін ең маңызды тарихи күнмен құттықтаймын. Ел экономикасының құретамыры Қазақстан темір жолының дәулетін тасытып жатқан теміржолшылар еңбегі қашан да ерекше алғысқа лайық, – деп атап өтті кәсіподақ өкілі.

Жиын әрі қарай марапаттау рәсіміне ұласты. Бірқатар теміржолшылар «Үздік маман», «Адал еңбегі үшін» төсбелгілерін иеленіп, тағы бірқатары Құрмет грамоталары мен Алғыс хат алды. Жиын теміржолшы өнерпаздардың концерттік бағдарламасымен жалғасты.

Қызылорда

Әнұранмен ашылған жиында «Қызылорда ЖТ бөлімшесі» филиалының бастығы Батырхан Базарбаев пен Магистральдық желі бөлімшесі директорының орынбасары Ербол Оңғарбаев аймақ теміржолын дамытып, саланың өркендеуіне үлес қосып жүрген теміржолшыларды мерекемен құттықтады.

Аймақ теміржолының басшысы мерекеге орай арнайы сыйақы берілетінін жеткізіп, көпшілікті қуантты. Сонымен қатар Компанияның Басқарма төрағасы Н.Сауранбаевтың бұйрығымен түрлі марапатқа ие болған теміржолшыларға наградальарын табыс етті. Тасымалды ұйымдастыру және талаптар бөлімінің жетекші инженері Алтынғүл Шигенова «Кәсібі бойынша үздік» атанса, «Үздік маман» белгісі заң бөлімінің басшысы Дархан Айқожаевқа, Магистральдық желі бөлімшесі қаржыландыру бөлімінің менеджері Нұргүл Еңсеповаға берілді. Құрмет грамотасымен Қамыстыбас станциясының кезекшісі Күлшара Асанбаева, Қызылорда станциясының орталықтандыру постының операторы Оразкүл Айжарқынова, Қызылорда қалпына келтіру пойызының бульдозер машинисі Владимир Зайцев, жетекші бухгалтер Елена Селина марапатталды.

Компания басшылығының марапатымен қатар қос бөлімше басшылығы, кәсіподақ ұйымы атынан елу шақты



сала қызметкері арнайы марапат алды. – Ел егемендігінің тарихи бастауы Республика күнімен аймақ теміржолында тер төгіп, тәуелсіздігіміздің нығаюына сүбелі үлес қосып жүрген барша теміржолшыларды Сала кәсіподағы атынан құттықтаймын. Станция-бекеттерде жұмыс істейтін үздіктерімізге де марапат пен арнайы сыйлықтар бар, – деді кәсіподақ ұйымының төрағасы Мұхтар Көпірбаев.

Бұл күні бөлімшеге қарасты бірқатар мекемелерде де салтанатты жиын өткізілді. Нұртай Байғазы басқаратын Қызылорда локомотив пайдалану депосында және Асылбек Ияров басқаратын Сексеуіл локомотив пайдалану депосында өткен жиындарға кент әкімдері де қатысып, теміржолшыларға құрмет көрсетілді. Ал Алан Кубенов басқаратын Қызылорда белгі беру және байланыс дистанциясында спорттық жарыстардан сайыс өткізіліп, жеңімпаздар марапат төріне шығарылды.

Атырау

Республика күні қарсаңында Атырау вокзалында жолаушыларды ерекше тосынсың қарсы алды. Атырау жүк тасымалы және магистральдық желі бөлімшелері, «Қазтеміртранс» АҚ Атырау филиалы кәсіподақ ұйымдары бірлесіп өткізген акция көптің көңілін көтеріп, мерекелік көңіл-күй сыйлады.



Вокзал перронында қаз-қатар тізілген үстелдер түрлі ұлттық дәмге толы болды. Бірінші жолда тұрған №691 «Атырау-Ақтөбе» пойызына асыққан жолаушы халыққа ыстық бәліш, тәтті тоқаш, басқа да тәтті дәмдер ұсынылып, сыртында «Қазкөліккәсіп, 25 қазан – Республика күні» деп жазылған кішкене қорап таратылды. Оның ішіне құрт пен жент, бауырсақ, құрма, «Қазақстан» шоколады салынған екен.

Пойызға асыққан жолаушылар дәмнен ауыз тиіп, сый қораптарын алып, бірін-бірі мерекемен құттықтап аттануда. Олардың арасында қарттар мен жастар, Атырауда жарысқа келген баскетболдан ұлттық құрама ойыншылары, Отан алдындағы борышын

өтеп, үйлеріне қайтып бара жатқан солдаттар, т.б. бар. Жолсеріктер де құралақан қалмады, оларға да, вагонда отырған жолаушыларға да кәсіподақ қызметкерлері аралап жүріп дәмнен үлестірді. Вокзал кассасының бастығы Ажар Ахметованың айтуынша, аталған пойыз вагондарына 420 жолаушы міну керек болса, соның 80 пайызына билет сатылыпты.

Перронда «Атамекен», «Менің Қазақстаным», басқа да ұлттық патриотты әндер ойнатылып, Атырау станциясының бастығы Алтай Көбегенов, кәсіподақ төрағасы Боранбай Қамиев жолаушыларды дауыс зорайтқыш арқылы Республика күнімен құттықтап, сәт-сапар тіледі.



Республика күніне орай М.Өтемісұлы атындағы Атырау академиялық қазақ драма театрында өткен «Тұғыры биік Қазақстан» атты салтанатты шарада марапатталғандар қатарында теміржолшы да болды.

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Жарлығымен мемлекеттік және қоғамдық қызметтегі сіңірген еңбегі, елдің әлеуметтік-эко-

номикалық және мәдени дамуына, халықтар арасындағы достық пен ынтымақтастықты нығайтуға қосқан елеулі үлесі үшін 44 адам марапатталды. Солардың қатарында «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ «Атырау магистральдық желі бөлімшесі филиалының Атырау белгі беру және байланыс дистанциясының бастығы Ербол Нұрманов Құрмет грамотасын алды.

Е.Нұрманов еңбек жолын Атырау белгі беру және байланыс дистанциясында электромонтер болып бастаған. Электромеханик, аға электромеханик, байланыс учаскесінің бастығы қызмет жолдарынан өтіп барып, 2019 жылдан бері дистанцияны басқарады.

Мемлекет басшысының қолы қойылған Құрмет грамотасын байланысшы теміржолшыға облыс әкімі С.Шапкенов табыс етті.

Достық

Достық станциясында Республика күніне арналған іс-шара өтіп, бірқатар теміржолшылар түрлі марапаттарға ие болды.

Мекеме басшылары ұжымды мерекемен құттықтап, еңбекте табыс тіледі. Станция бастығы «Кәсібі бойынша

үздік» төсбелгісімен пойыз қабылдаушы Жанғали Мазатбековті, «Үздік маман» төсбелгісімен өндірістік бөлімнің оқыту инспекторы Жұмағұл Ахмадиеваны марапаттады. Сонымен қатар компанияның басқарма төрағасының және Алматы



ЖТ бөлімшесі директорының, Достық станциясы бастығының Алғыс хаттарымен бірқатар

қызметкерлер марапатталды.

– Бұл күн – біздің егемендікке деген ең алғашқы қадамымыз. Сондықтан біз үшін, еліміз үшін маңызды күн. Бостандық пен еркіндіктің бастауы болған салтанатты күнде сіздерге мықты денсаулық, қызметте табыс тілеймін, – деді станция бастығы Мақсат Мамбетқұлов.

Семей

Семей жүк тасымалы бөлімшесіне қарасты Шар станциясының теміржолшылары үшін биылғы жыл ерекше шаралармен есте қалмақ. Түркісіб дәуірінде іргесі қаланған станция қызметкерлері Республика күні мерекесін зор табыспен қарсы алды.

Осы станцияда орын тепкен «Қамқор Локомотив» ЖШС «Шар локомотив жөндеу» филиалында өткен шараға арнайы келген Семей ЖТ бөлімшесінің директоры Алмас Сейсемқанов барша жиналған қауымды Республика күні мерекесімен құттықтады. Жөндеу секторында шоқтығы биік Шар филиалы еліміздің ең басты мерекесін айшықтау мақсатында алғашқы СКДБ сериялы маневрлік локомотивті толыққанды күрделі жөндеуден өткізіп, желі бойына шығарып отырғанын тілге тиек еткен бөлімше басшысы ұжымды осынау еңбек жеңісімен құттықтады. Күрделі жөндеу – локомотивтерге сервистік қызмет көрсету циклы бойынша игеріліп отыр. Яғни локомотив жөндеу депосының қызмет көрсету аясы кеңейіп, толық мүмкіндігі іске қосылды деген сөз. Осынау тарихи сәтке қау болу мақсатында алыс-жауынан келген меймандар мерекемен орайластырылып арнайы өткізілген салтанатты шараға қатысты.

Кеңірек тоқтала кетсек, қазіргі таңда білікті басшы Жұмабек Бейсенов басқаратын «Шар локомотив жөндеу» депосы – сервистік-техникалық қызмет көрсетудің заманауи үлгілерін жолға қойған аймақтағы бірегей кәсіпорын. Локомотивтерді



жөндеуді, сондай-ақ доңғалақ жұптарын күрделі жөндеуден өткізуді жүзеге асырады. Ағымдағы жылы ірге көтергеніне 90 жыл толып отырған байырғы кәсіпорын қазіргі таңда қайта түлеп, жаңғыру жолында. Мәселен, «Эволюшн» тепловоздарының доңғалақ жұптарын бөлшектеп, содан соң зауыттық деңгейдегі қалпына келтіріп жөндеудің күрделі де тиімді тәсілін ең алғаш рет шарлықтар өндіріске енгізген болатын. Яғни өнертапқыштық ұсыныстар бойынша да алда келеді.

Бүгінде жалпы саны 160-тан аса жергілікті тұрғын еңбекпен қамтылған кәсіпорын алдағы уақытта

жөндеуді, сондай-ақ доңғалақ жұптарын күрделі жөндеуден өткізуді жүзеге асырады. Ағымдағы жылы ірге көтергеніне 90 жыл толып отырған байырғы кәсіпорын қазіргі таңда қайта түлеп, жаңғыру жолында. Мәселен, «Эволюшн» тепловоздарының доңғалақ жұптарын бөлшектеп, содан соң зауыттық деңгейдегі қалпына келтіріп жөндеудің күрделі де тиімді тәсілін ең алғаш рет шарлықтар өндіріске енгізген болатын. Яғни өнертапқыштық ұсыныстар бойынша да алда келеді.

Бүгінде жалпы саны 160-тан аса жергілікті тұрғын еңбекпен қамтылған кәсіпорын алдағы уақытта

қосымша жұмыс орындарын ашуды да көздеуде. Бұл әлбетте нәпақасын теміржолдан тауып жүрген Шар станциясының тұрғындары үшін маңызды шара екендігі анық. Ал қазіргі таңда мұнда бес цех пен бір өндіріс орны дамылсыз жұмыс жүргізуде. Өндіріс процестері америкалық тәсіл бойынша жүзеге асырылады. Ол үшін біраз жыл бұрын жаңа құрал-жабдықтар мен арнайы лицензия да иеленген болатын. Жаңа технологияға көшу еңбек өнімділігін арттырып, уақыт пен қуат көздеріне кететін шығынға да айтарлықтай үнем болған. Енді кәсіпорын маневрлік тепловоздарға да толыққанды түрде сервистік қызмет көрсетудің сатысына өтті дегуге болады.

Салтанатты шараға арнайы келген өңір әкімі кәсіпорын басшысы Жұмабек Раманұлының «Шар қаласына сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен марапаттады, сонымен қатар Жарма өңірі бойынша ерен еңбектің үлгісін көрсетіп отырған барша шарлық теміржолшылар қауымына алғысын білдіріп, толайым табыстар тіледі.

Бетті дайындаған Сұлугүл БАКЕСОВА,
Қосұйым МҰҚАШЕВ, Шахида ЖҰМАН, Қуаныш ҚОЖАЕВ, Ұлан ОРАЗ, Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Суреттерді түсірген Александр ЖАБЧУК және авторлар

ЗАСЛУЖЕННЫЕ НАГРАДЫ ЛУЧШИМ

Астана

В честь праздника Дня Республики Казахстан наградами отмечены профессионалы ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки», внесшие весомый вклад в развитие и укрепление железнодорожной отрасли.

Во время торжественной церемонии награждения коллектив с государственным праздником поздравили заместитель генерального директора по корпоративным вопросам ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» Владимир Бабиченко, заместитель генерального директора по обеспечению производства Кайрат Кабылов, исполнительный директор – директор департамента эксплуатации локомотивов Асан Умбетов, исполнительный директор – директор департамента по организации перевозок филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Дирекция по организации перевозочного процесса» Ербол Тусупов, исполнительный директор – директор вагонного хозяйства Кайраткен Ныгыметов.

Поздравляя коллег с праздником, Владимир Бабиченко поблагодарил железнодорожников за ежедневный труд, профессионализм, ответственность и вклад в развитие отрасли. – Для меня честь сегодня вручать высокие награды нашим сотрудникам. Это доказательство вашей любви к профессии и приверженности ее

Лучшие работники филиала АО «НК «КТЖ» – «Дирекция магистральной сети» (ЦЖС) отмечены наградами ко Дню Республики Казахстан в столице.

В центральном офисе АО «НК «КТЖ» прошло торжественное награждение лучших специалистов ЦЖС. За высокий профессионализм, ответственное отношение к работе, верность



выбранному делу сотрудники филиала получили награды, почетные грамоты и благодарственные письма.

Выступая на церемонии награждения, от лица руководства коллектив ЦЖС поздравил заместителя директора по экономике и финансам филиала

лучшим традициям, – обратился к труженикам магистрали Владимир Бабиченко.

По его словам, сегодня в компании проводится самое крупное обновление локомотивного парка. Так, с начала 2023 года было приобретено 86 современных локомотивов. В том числе 55 тепловозов серии ТЭЗЗАС, 14 тепловозов серии 2ТЭ25КМ и 17 электровозов серии КЗ8А. Кроме того, улучшаются показатели использования локомотивов и вагонов, сокращаются сроки доставки грузов, а также создаются благоприятные условия труда и отдыха локомотивных бригад.

Железнодорожники в свою очередь поблагодарили руководство компании за поддержку и признание, отметив положительные изменения в развитии железнодорожного транспорта Казахстана.

Действительно, каждый из присутствующих работников компании достоин самых высоких почестей, их можно назвать истинным «человеком труда». Так, директор департамента разработки и мониторинга показателей ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки»

АО «НК «КТЖ» – «Дирекция магистральной сети» Александр Кирович. Он отметил неосценимый вклад всех работников, которые день за днем благодаря самоотверженному труду развивают магистральную железнодорожную сеть и поддерживают высокое качество оказываемых услуг.

– Наши работники трудятся по 24 часа в сутки, обеспечивая безопас-

ность движения поездов. Поэтому очень отраднo, что в столь знаменательный день для нашей страны руководство компании заслуженно отмечает наших коллег, демонстрирующих высокие показатели, эффективность и нацеленность на результат в работе,

На столичном вокзальном комплексе пассажиров приятно обрадовали внимание со стороны работников поездной бригады и сладкий сюрприз для любителей шоколада отечественного бренда.

Стоит отметить, что национальный перевозчик ежегодно проводит работу по повышению качества сервиса и поздравление пассажиров в поездах становится доброй традицией.

Алиби Тулегенов работает на стальной магистрали 17 лет. Трудовую деятельность начинал дежурным по станции на разъезде линии Хромтау – Алтынсарино, пройдя все ступени, стал главным инженером Актобинского отделения ГП. К слову, на железную дорогу Алиби Тулегенов пришел благодаря отцу, который много лет проработал машинистом поезда.

В этот день заслуги Алиби Тулегенова были отмечены почетной грамотой АО «Самрук-Қазына» и нагрудным знаком «Үздік маман».

– Хочу выразить благодарность руководству за доверие. Получить высокую награду и почетно, и ответственно, – делится Алиби Тулегенов. – Работу свою люблю и выполняю ее на совесть, чего желаю и молодому поколению железнодорожников.

За ежедневный труд, добросовестное и ответственное отношение к делу ко Дню Республики Казахстан отмечены более 500 сотрудников ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки», двое из них удостоены ведомственной награды «За героизм», которую ввели впервые в истории АО «НК «КТЖ».

– отметил Александр Кирович.

По его словам, каждый из работников достоин самых высоких наград. В их числе и главный менеджер департамента вокзального хозяйства филиала АО «НК «КТЖ» – «Дирекция магистральной сети» Наталья Костарева, проработавшая на железной дороге без малых 25 лет. Накопленный опыт и потенциал знаний позволяют ей решать наиболее сложные и ответственные задачи.

– Каждый наш сотрудник является в определенной мере героем. Ведь они посвятили свою жизнь ответственному и нелегкому труду, от качества которого напрямую зависит экономическое благосостояние Казахстана, – сказала Наталья Костарева.

В этот день награды получили 413 работников. Государственной награды РК удостоены четыре сотрудника, звания «Кәсібі бойынша үздік маман» – 37, нагрудным знаком «Адал еңбегі үшін» – 36, «Ерлігі үшін» – четыре, «ҚТЖ» ҰҚ» АҚ дамуына қосқан ерекше үлесі үшін» – один, почетными грамотами и благодарственными письмами от руководства ҚТЖ – 147 железнодорожников.



Алматы

В рамках праздничных торжеств, посвященных Дню Республики, в Алматинском отделении грузовых перевозок состоялось награждение лучших тружеников отрасли.

35 работников Алматинского региона получили награды. Поздравляя всех с праздником, первый заместитель директора Алматинского отделения грузовых перевозок Нуржан Курманалиулы пожелал всем благополучия и стабильности, успехов и трудовых побед на благо процветания нашей республики.

– В этот прекрасный день хочется пожелать всем мирного неба, счастья и процветания. И хочу подчеркнуть, что благополучие нашего государства зависит только от нас, граждан Республики Казахстан! Наша общая задача – сделать День Республики по-настоящему всенародным праздником, воплощаем в себе торжество любви к родине, – отметил Нуржан Курманалиулы. – Желаю здоровья, мира и согласия вам и вашим семьям, а наш труд будет надежным залогом светлого будущего.

В рамках встречи прошло награждение лучших тружеников региона. Знаком «Адал еңбегі үшін» награждены заместитель директора Алматинского отделения ГП по логистике Адил Рахметжанов,



дежурный по станции Жетыген Николай Синичкин, ведущий инженер-технолог станции Бурундай Турсынай Асылбаева, звание «Кәсібі бойынша үздік» получил дежурный по станции Кайрат Канат Мурзубаев, звание «Үздік маман» – начальник товарной конторы станции Алматы Гульнар Кайрбергенова.

Почетной грамотой председателя правления АО «НК «КТЖ» награждена кассир товарной конторы станции Алматы-2 Жанаргул Абдигулова, благодарственное письмо от имени председателя правления АО «НК «КТЖ» вручили составителю поездов станции Байсерке Кайрату Табаеву, почетной грамотой ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» награжден приемщик груза и багажа станции Жетысу Гульнар Буkenова. Многие получили почетные грамоты и благодарственные письма от имени директора Алматинского отделения грузовых перевозок Нурыма Жаниязова.

Усть-Каменогорск

Лучших работников железнодорожной отрасли из предприятий Семейского отделения грузовых перевозок в честь Дня Республики наградили в Усть-Каменогорске. Больше двух десятков человек получили нагрудные знаки, почетные грамоты и благодарственные письма от руководства АО «НК «КТЖ», Семейского отделения грузовых перевозок и профсоюза.

Для поздравлений работников из Семей приехал исполняющий обязанности директора Семейского отделения грузовых перевозок Алмас Сейсемканов. В начале торжества он поздравил всех собравшихся с праздником, пожелав им личных и производственных успехов.

Алмас Сейсемканов вручал награды совместно с председателем первичной профсоюзной организации по узлу станции Оскемен-1 Берикхан Тлеужанов.

Нагрудный знак «Адал еңбегі үшін» получил бригадир Оскеменского эксплуатационного вагонного депо (ВЧД-24) Сергей Винограденко. Звания «Үздік башы» удостоен начальник производственно-технического отдела Оскеменского эксплуатационного локомотивного депо (ТЧЭ-22) Дидар Бурбаев. Оператор по обработке перевозочных документов станции Оскемен-1 Рауза Сырымбаева получила звание «Кәсібі бойынша үздік».

Почетные грамоты от председателя правления АО «НК «КТЖ»



вручили начальнику станционного технологического центра обработки поездной информации и перевозочных документов станции Оскемен-1 Жанне Шагиевой, дежурному по станции Тишинка Ольге Полтораниной, осмотрикур-ремонтнику вагонов ВЧД-24 Виктору Лукашенко. Благодарственными письмами от председателя правления АО «НК «КТЖ» наградили заместителя начальника станции Новоустькаменогорск Даурена Айтуганова, старшего товарного кассира станции Шемонаиха Рысбиби Абдрахманову, машиниста компрессорной установки ВЧД-24 Сару Сагатову, машиниста тепловоза ТЧЭ-22 Анатолия Михайлова, слесаря по осмотру и ремонту локомотивов ТЧЭ-22 Анатолия Петрова.

Еще семь человек получили почетные грамоты и благодарственные письма от Семейского отделения грузовых перевозок и профсоюза.

В завершение церемонии награждения с праздником еще раз всех поздравили Алмас Сейсемканов и представитель центрального совета ОО «Казпрофтранс» по Защитинскому узлу Айгуль Жайлаубаева.

Кокшетау

В рамках празднования Дня Республики состоялось очередное заседание актива профсоюзной организации железнодорожного узла «Астана».

Открывая заседание, председатель филиала «Астана» ОО «Казпрофтранс» Серик Сарскеев поздравил присутствующих с национальным праздником, отметив его историческую значимость.

– 25 октября – одна из важнейших дат в истории Казахстана. В этот день в 1990 году была принята Декларация о государственном суверенитете Казахской ССР. Это был первый шаг страны на пути к независимости. Декларация провозгласила суверенитет Казахской ССР и декларировала политико-правовые основы Казахстана как независимого государства, – подчеркнул в своем выступлении председатель филиала «Астана» ОО «Казпрофтранс» Серик Сарскеев.

Далее профсоюзный актив принял участие во флешмобе и товарищеском матче по волейболу.

По завершении спортивно-массового мероприятия Серик Сарскеев поздравил всех участников с национальным праздником Днем Республики, который стал символом уверенного шага страны к государственности.



Караганда

Ко Дню Республики Казахстан в Карагандинском отделении ГП состоялось праздничное мероприятие, на котором наградили лучших из числа линейных работников.

По словам главного ревизора департамента безопасности движения АО «НК «КТЖ» по Карагандинскому участку Булатбека Альмурзаева, 25 октября – важный день для Казахстана. В 1990 году была принята декларация о суверенитете страны. Этот документ стал основой независимости РК.

– День Республики – праздник согласия и единства, общей ответственности за настоящее и будущее страны. Сегодня Казахстан – современная страна с динамично-развивающейся экономикой, демократическим общественным



устройством и значимым авторитетом на международной арене. Только сообща мы сможем реализовать любые поставленные задачи. Пусть мир и согласие в нашей стране станут символом благополучия и процветания, – сказал Булатбек Альмурзаев.

К словам поздравления присоединились первый заместитель филиала ТОО «КТЖ –

Грузовые перевозки» – «Карагандинское отделение ГП» Шакарим Жуматаев и первый заместитель филиала АО «НК «КТЖ» – «Карагандинское отделение магистральной сети» Серик Айкумбеков.

Нагрудный знак «Адал еңбегі үшін», почетные грамоты и благодарственные письма получили работники стальной магистрали, от которых в целом зависит успешная деятельность железнодорожной структуры, – это приемосдатчики, товарные кассиры, составители поездов, регулировщики скоростей движения, работники инфраструктуры, а также начальники станции.

Праздничное мероприятие завершилось концертом, на котором выступили талантливые железнодорожники, исполнившие патристические песни о родине, о Казахстане, добром и мудром народе, независимой свободной стране, которая смело идет вперед, расправив свои гордые плечи, навстречу своему будущему.

Полосу подготовили Руслан РАХМЕТОВ, Елена КОЛДАСБАЕВА, Айлин БАУРЖАН, Ольга УШАКОВА, Алинур КУДАЙБЕРГЕНУЛЫ, Жаслан ОРАЗАЛИН, Светлана МОГАЙ
Фото Алмадыра ЖАБЧУКА и авторов



ЧТОБЫ НЕ ТОРМОЗИЛИ

Восемнадцать экстренных торможений поездов зафиксировано в Костанайском отделении магистральной сети с начала года.

Аслан КУДАБАЕВ,
Костанай

Как сообщил начальник отдела по безопасности движения филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Костанайское отделение магистральной сети» Толгат Нурушев, практически все случаи произошли по причине пресловутого человеческого фактора.

Несмотря на проводимые профилактические работы с начала года среди местного населения сотрудниками дистанций пути ПЧ-21 Кушмурун, ПЧ-22 Аркалык, ПЧ-34 Тобол, ПЧ-35 Костанай, машинистам приходилось 18 раз применять экстренное торможение. Из вышеназванных случаев с наездом были: трижды с дикими животными, 13 – с безнадзорным домашним скотом, а также без наезда – два случая ДТП.

Например, один из таких случаев, происшедших по вине водителей автотранспорта, произошел в ПЧ-22 Аркалык, когда машинист поезда применил экстренное торможение для предотвращения столкновения

с автомашиной марки ВАЗ-2110, выехавшего на неохраняемый нерегулируемый железнодорожный переезд, расположенный на третьем километре перегона Есиль – Аркалык.

И все это несмотря на то, что с начала года сотрудники Костанайского отделения магистральной сети в целях профилактики провели 271 собрание на станциях региона, где присутствовали 5 480 человек. Также ознакомили с правилами выпаса 4 776 владельцев скота, вручили 4 257 выписок Кодекса РК «Посторонний человек на пути». Проведено 311 собраний на станциях и в школах, где присутствовали 17 917 человек, проведено 745 рейдов.

– Жители Костанайской области! Для сохранности своих жизней, имущества, скота, обеспечения безопасности движения поездов по Костанайскому региону убедительная просьба, соблюдайте правила проезда по переездам, нахождения на железнодорожном пути и не оставляйте скот без присмотра! – обращается Толгат Нурушев.

Фото автора

ҚОҒАМДЫҚ ҚЫЗМЕТ – АБЫРОЙЛЫ МІНДЕТ



ҚР Кәсіподақтар федерациясының «Еңбек озаты» төсбелгісімен марапатталған Бейнеу жол дистанциясының инженер-метролог, эколог маманы Мұстафа Қожбанов – кәсіби қызметіне қоса мекеменің кәсіподақ ұйымының төрағасы ретінде қоғамдық қызметті де үлкен абыроймен атқарып отырған теміржолшы.

Шахида ЖҰМАН,
Маңғыстау

Еңбек жолын отыз жылдан астам бұрын теміржолдағы құрылысшылар бригадасында бастаған кейіпкеріміздің ау бастағы мамандығы құрылысшы. 2000 жылға дейін құрылыс шебері болып, теміржолшыларға салынатын үй мен теміржол ғимараттарын жөндеп, салумен айналысатын бригадада еңбек етті. Десе де, теміржолшы отбасында туып өскен ол өз болашағын бәрібір теміржолмен байланыстырды. Бригада тараған соң жол дистанциясына ауысып, сырттай оқып білімін жетілдірді. Инженер-метролог, эколог кәсібіне маманданды. Жұмысына тап-тұйнақтай тындырымды, ұжымның кез келген мәселесіне білек сыбана кірісіп кететін еті тірі жігітті 2008 жылы дистанцияның кәсіподақ ұйымын басқаруға сайлаған әріптестері ұтқаны анық. Содан бері негізгі қызметінен бөлек дистанция

жұмысшыларының жоғын жоқтап жүрген ұйым төрағасы жолшылардың көңілінен шығып келеді. Еңбек даулары мен жалақы, түрлі әлеуметтік мәселелердің шешілуіне күш салып, әріптестерінің алғысына бөленуде. Кәсіби қызметі барысында «Үздік маман», «Адал еңбегі үшін» төсбелгілеріне ие болса, өткен жылы ҚР Кәсіподақтар федерациясының «Еңбек озаты» марапатын алды.

Мұстафа Қожбановтың тікелей күш салуымен дистанция жұмысшыларының біраз мәселесі оң шешімін тауып отыр. Мәселен, соңғы жылдары Бейнеу-Тассай бағытында вахталық әдіспен жұмыс істейтіндер үшін толық жабдығымен 80 дана төсек-орын алынып, кейбір мамандардың еңбек демалысына қосымша күн қосылды. Бейнеулік жолшылардың Маңғыстау станциясындағы жолшылармен бірдей тарифтік сетка бойынша жалақы алуы мәселесінде де жұмысшылар ұсынысын жоғарыға жеткізіп, қолдан келгенін аянып қалмады.

– Ақауапқыш арбашалар операторларының еңбек демалысына қосымша 6 күн қостырдық. 12 тоннадан артық салмақтағы автомобиль жүргізушілері мен бригадирлердің жұмыс орнына кәсіподақ арқылы тәуелсіз эксперт шақыртып, аттестация өткіздік. Жұмыс орны қайта қаралып, еңбек демалысына қосымша күн қосылатын болды. Үнемі түзде жүретін жолшылар үшін әр жерде жылынып, тамақтанатын орындар болуға тиіс. Бейнеу – Тассай телімінде сондай үйшік жоқ. Кейбір учаскелерде өте ескі. Оларды жаңарту керек. Қазір осы жұмыспен айналысудамыз, – дейді кейіпкеріміз.

Сонымен қоса ол мекемедегі инженер-метролог, эколог маман ретінде де біраз шаруаны ширатып отыр. Мекемедегі құрал-саймандардың жарамдылығын тексеріп, қолданысын қадағалау, автотехниканың бөлшектері мен түрлі аспаптарына ревизия жүргізіп, экология мәселесін үнемі бақылауда ұстайды.

Суретті түсірген автор

102 ШАҚЫРЫМ ЖОЛ БОЙЫ ҚОРШАЛҒАН



Қызылорда магистральдық желі бөлімшесі бойынша биылғы жылдың өткен тоғыз айында пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін бұзу оқиғасы орын алмаған. Бұл орайда аймақ теміржолшылары жүргізіп отырған профилактикалық шаралардың әсері аз емес.

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда

Дегенмен жолға шыққан мал мен жанның кесірінен тепловоз машинистерінің жедел тежегіш басу дерегі азаймаған, бөгде адамдардың рельс жағалап жүріп пойыз астына түсіп қалуы, теміржол өткелдерінде ереже сақтамай өте шығатын жүргізушілердің қозғалыс қауіпсіздігіне қатер төндіруі сынды оқиғалар да

өкінішке орай жоқ емес. Ал теміржолшылар қауіптің алдын алу үшін күн бойы қатпартай жол бойын жағалап, кезекшілік, рейд ұйымдастырып, үгіт-насихат жұмысын жүргізуде.

Қызылорда магистральдық желі бөлімшесі қозғалыс қауіпсіздігі бөлімінің басшысы Бақытбек Сәрсенов пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін сақтау бағытындағы жұмыстардың тұрақты жүргізілуде екенін айтады. Өткен жылы тепловоз машинистері

61 рет жедел тежегіш басып, құрамды тоқтауға мәжбүр болған, ал биыл бұл жағдай 23 рет қайталанып отыр. Әрине келеңсіздік бытырғы жылымен салыстырғанда азайғанымен, қозғалыс қауіпсіздігінің бұзылу жағдайлары әлі де болса сейілмеген.

– Бөлімше бойынша өткен айларда жіберілген кемшіліктің орны толырылып, оларды қайталамаудың алдын алу, тексеру және профилактикалық жұмыстар тоқтаусыз

жүргізілуде. Жол бойына жақын орналасқан елді мекендерде 12 489 тұрғынды қамтыған 282 кездесу ұйымдастырылып, 228 рейд кезінде өткелдерде 16 103 көлік жүргізушісіне теміржолдан өту ережесі түсіндіріліп, қауіпсіздіктің сақталуы жолында көп жұмыс жүргізілді, – дейді қозғалыс қауіпсіздігі бөлімінің басшысы.

Қауіпсіздік бөлімі мамандары берген мәліметке сәйкес жолшылар құзырлы орган өкілдерімен 147 рет бірлескен рейд өткізген. Биыл 102 шақырымдық жол қоршауы тұрғызылып, мал жиі жүретін 72 шақырымдық аумақтың қоршауы күшейтіліп, тиісті жөндеуден өткен. Бөлімшедегі 41 теміржол өткелінің күзетілетін 17-сі бақылауға алынып, ай сайын кемінде екі мәрте рейд өткізіледі екен.

ЕКПЕ АЛУҒА ШАҚЫРДЫ



Батыс аймақтық теміржол станциялары мен бөлімше мамандары тұмау және жедел респираторлы вирустық инфекцияның алдын алу бағытындағы семинарға қатысты.

Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе

Онда Ақтөбе бөлімшелік көліктегі санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының қызметкерлері «ЖРВИ және тұмау ауруының алдын алу, мекеме қызметкерлерін иммунизациялау туралы» тақырыбында баяндама оқып, тұмау маусымына дайындық мақсатында теміржолшыларды иммунизациялау

бойынша жұмыстарды ұйымдастыру және жүргізу ұсынылды. Өйткені тұмауға қарсы уақытылы вакцинациялау тұмауға қарсы күресу мен алдын алудың ең тиімді әдісі болып табылады.

«Тұмаудың алдын алудың ең тиімді әдісі тұмауға қарсы екпе алу болып табылады. Әр адам аурудың алдын алу үшін дер кезінде екпе алу туралы ойланғаны жөн, себебі тұмауға қарсы екпе алу, тұмау індеті деңгейін едәуір



төмендетеді», – деді Ақтөбе бөлімшелік көліктегі санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы бөлімі басшысының м.а. Сұлушаш Жұмағазина.

Семинар-кеңес барысында қатысушыларға брошюралар мен жадынамалар таратылды. Теміржолшыларды алаңатқан сұрақтарға жауап берген мамандар тұмауға қарсы екпе алуға шақырды.

А КТО САМЫЙ МЕТКИЙ?



Соревнования по дартсу среди железнодорожников, посвященные празднованию Дня Республики, прошли в Семейском отделении грузовых перевозок Усть-Каменогорска.

Ольга УШАКОВА,
Усть-Каменогорск

В турнире приняли участие и мужчины, и женщины – работники Оскеменского эксплуатационного локомотивного депо, Защитинской дистанции сигнализации и связи (ШЧ-28), Оскеменской дистанции пути (ПЧ-37), Оскеменского эксплуатационного вагонного депо (ВЧД-24), Семейского отделения грузовых перевозок, станции Оскемен-1, а также ветераны.

По словам представителя Центрального совета ОО «Казпрофтранс» Айгуль



Жайлаубаевой, организатором соревнованияй явился ФСК «Локомотив». Как отметил инструктор по спорту ФСК

«Локомотив» Изгилик Куйекбаев, целями и задачами соревнований по дартсу стали: развитие физкультуры и спорта среди работников железнодорожного транспорта, укрепление корпоративного духа в коллективах, улучшение здоровья и снижение заболеваемости среди работников отрасли.

Турнир получился не только важным для развития меткости, но и насыщенным эмоционально: участники поддерживали друг друга, шутили. По итогам соревнований среди мужчин победителями стали: Эльдар Кизабек из ВЧД-24, занявший первое место, второе – Александр Селиверстов из ТЧЗ-22, Медет Мекебаев – третье. Оба последних призера работают в Оскеменском эксплуатационном локомотивном депо.

Среди женщин первое место заняла Акмарал Маратова со станции Оскемен-1, второе – Татьяна Бедарева, работница той же станции. На третьем месте – Айгуль Жайлаубаева.

Победителям вручили грамоты и денежные сертификаты.

Фото автора

ПУТЬ К ЗДОРОВЬЮ



Немаловажную роль в укреплении здоровья играют медицинские осмотры.

Так, согласно приказу и. о. министра здравоохранения Республики Казахстан от 30 октября 2020 года № ҚР ДСМ-174 «Об утверждении целевых групп лиц, подлежащих скрининговым исследованиям, а также правил, объема и периодичности проведения данных исследований», мужчины и женщины в возрасте от 30 до 70 лет подлежат скрининговым исследованиям на раннее выявление артериальной гипертонии, ишемической болезни сердца, сахарного диабета, глаукомы, онкологических заболеваний и поведенческих факторов риска. Такие исследования проводятся в медицинской организации по месту прикрепления граждан в рамках гарантированного объема бесплатной медицинской помощи и/или обязательного социального медицинского страхования, и их не следует игнорировать.

Вместе с тем статья 185 Трудового кодекса Республики Казахстан обязывает работодателя за счет собственных средств организовывать проведение периодических медицинских осмотров и обследований работников, занятых на тяжелых работах, а также связанных с вредными и (или) опасными условиями труда, и предсменного/предрейсового медицинского освидетельствования работников, занятых на работах, связанных с повышенной опасностью, машинами и механизмами.

Периодические осмотры проводятся один раз в год.

В состав врачебной комиссии входят

терапевт, хирург, невропатолог, оториноларинголог, офтальмолог, дерматовенеролог, гинеколог, рентгенолог, врач по функциональной диагностике, врач-лаборант, прошедшие подготовку по профессиональной патологии.

После окончания периодических осмотров в течение 30 календарных дней председатель врачебной комиссии обобщает результаты, составляет заключительный акт и рекомендацию по переводу на другую работу, стационарному и санаторно-курортному лечению, лечебно-профилактическому питанию, динамическому наблюдению. Заключительный акт направляется для исполнения администрации предприятия.

Согласно пункту 20 приложения 2 приказа, по результатам заключительного акта работодатель совместно с медицинской организацией обязан разработать ежегодный план мероприятий по оздоровлению работников и улучшению условий труда.

Периодические осмотры позволяют контролировать состояние здоровья персонала и своевременно принимать меры профилактики внезапного ухудшения здоровья сотрудника на рабочем месте, а, возможно, и несчастных случаев на производстве, именно поэтому руководители не могут игнорировать результаты периодических осмотров и должны понимать, что они несут персональную ответственность за жизнь и здоровье каждого работника.

Более подробно читайте на сайте rail-news.kz.

Аида СМАГУЛОВА

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ Бас редактор Дина Муздубаева Бас редактордың орынбасары Меруерт Өмірзақова	ҚАЗКӨЛІККӘСІП Бас редактор Дина Муздубаева Бас редактордың орынбасары Меруерт Өмірзақова	Газет басылатын қалалар: Астана, Сілеті 30 «Медиа-холдинг» «ERNUR» ЖШС Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2. «Хабар-Сервис» ЖШС Шымкент, Әлімқұлов көш., 22. «ERNUR Print» ЖШС Басылымның таралымы 11 340 Газет сейсенбі, жұма күндері шығады. Газет шығару және тарату қызметімен «Қазақстандық салалық теміржол,	автомобиль, ауе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады. © «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді. Кезекші редакторлар: Р. Рахметов, Р. Рахметова	Меншікті тілшілер: Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80 Атырау: Қосұйым Мұқашев 8-778-946-09-66 Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87 Маңғыстау: Шахида Жұманова 8-707-886-72-45 Орал: Анна Панищева 8-707-910-74-17 Қызылорда: Сабырхан Нәдірбаев 8-778-409-78-59 Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53 Қарағанды: Светлана Мобағай 8-777-893-66-76 Қостанай: Аслан Кудабаяев 8-705-267-44-00 Павлодар: Айдана Ертай 8-777-498-31-61 Ақтөбе: Ардақ Ерубаева 8-702-843-27-97	Редакцияның мекен-жайы: Астана қ., Д.Қонаев көшесі 6. тел: 8 (7172) 60-44-87, 60-44-88, 60-44-92 Газетті тарату жөніндегі менеджер Асель Распаева, тел.: 8 775 198 15 61, e-mail: raspayeva.assel@mail.ru Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде №601 тіркеу күәлігі берілді.
--	---	---	---	--	--